

ШЖҚ РМК «Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті»

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ

КЕЛІСІЛДІ

Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университет
ректорының міндетін атқарушы
_____ Г. С. Джарасова
«07» _____ 06 2019 ж.



БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі
кадрлар және әскери білім
департаменті бастығы
генерал-майор _____ К. Көпбаев
«07» _____ 07 2019 ж.




**Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӘСКЕРИ КАФЕДРАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

СМЖ № 159


Атырау 2019 ж

1593

 АТЫРАУ UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Әскери кафедра туралы Ереже	2 - бет, 19 беттен тұрады


АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН:** Әскери кафедра
- 2. ЕНГІЗГЕН:** Сапа менеджмент жүйесі қызметі
- 3. ӘЗІРЛЕУШІ:**
С.Абсаматов - әскери кафедра меңгерушісі, запастағы әділет подполковнигі
- 4. « 24 » 07 2019ж. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**
- 5. ЕНГІЗІЛДІ: ЕКІНШІ БАСЫЛЫМ.**
- 6. Құжатты ҚАЙТА ҚАРАУ** мерзімділігі 3 жылда 1 рет.
Құжатты кейінгі **ТЕКСЕРУ** – 2022 жыл.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Әскери кафедра туралы Ереже	3 - бет, 19 беттен тұрады

Мазмұны

1.	Қолданылу саласы	4
2.	Нормативтік сілтемелер	4
3.	Белгілер мен қысқартулар	4
4.	Жауапкершілік және өкілеттіктер	5
5.	Жалпы ережелер	5
6.	Сипаттама	9
7.	Толықтырулар енгізу тәртібі	11
8.	Келісу, тарату және сақтау	11
9.	Қосымша А	12
10.	Қосымша Б	13
11.	Қосымша В	14
12.	Қосымша Г	15
13.	Қосымша Д	16
14.	Келісу парағы	17
15.	Таныстыру парағы	18
16.	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	19

	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Әскери кафедра туралы Ереже	4 - бет, 19 беттен тұрады

1. Қолданылу саласы

Осы ереже әскери кафедраның ұйымдық құрылымның мәртебесін әкімшілік-құқықтық бөлімшеге бекітудің, лауазымдық міндеттердің, жауапкершілік пен өкілеттіліктердің талаптарын белгілейді.

Осы әскери кафедра ережесін бөлімшенің барлық қызметкерлері жұмыс барысында міндетті түрде басшылыққа алады және меңгерушісі (басшысы) мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқауларын әзірлеу үшін негіз болып табады. Ереже Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің (бұдан әрі – Х.Досмұхамедов атындағы АтМУ) сапа менеджменті жүйесінің құжаттама жиынтығына кіреді.

2. Нормативтік сілтемелер


Осы Ережеде төмендегі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылды:

- Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409-І Азаматтық кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І «Қазақстан Республикасының тіл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы № 29-ІІІ «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпанындағы № 561-ІV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңы;
- «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру Ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 585 Жарлығы;
- «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығы;
- Х. Досмұхамедов атындағы АтМУ Жарғысы;
- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 шілдедегі № 375 бұйрығы «Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери дайындық Қағидаларын бекіту туралы»;
- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасарымен 2017 жылы 09 қазанында бекітілген «Қазақстан Республикасының азаматтық жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында оқу процесін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Әдістемелік ұсынымдары»;
- ИСО 9001:2015 ХС СМЖ-Талаптарын орындау міндетті.

3. Белгілеулер мен қысқартулар

ҚР ҚМ – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Х. Досмұхамедов атындағы АтМУ – Халел Досмұхамедов атындағы Атырау

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Әскери кафедра туралы Ереже	5 - бет, 19 беттен тұрады


мемлекеттік университеті;
 МЖБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
 КТЕ – Кафедра туралы ереже;
 СМЖ – Сапа менеджментінің жүйесі;
 НҚ – Нормативтік құжаттар;
 ЕҚ – Еңбекті қорғау;
 ӨҚ – Өрт қауіпсіздігі;
 ПОҚ – Профессор-оқытушылық құрамы;
 ӘК – Әскери кафедра;
 ӘД – Әскери даярлық;
 ҚК – Қарулы күштер;
 ӘТ – Әскери техника;
 ӘК ОМТБ – Әскери кафедраның оқу материалдық-техникалық базасы;
 ОКП - Оқу көмекші персонал.

4. Жауапкершілік және өкілеттіліктері


- 4.1** Осы ӘК ережесі Х. Досмұхамедов атындағы АтМУ-ның ректорымен келісіліп, ҚР ҚМ-гі Кадрлар және әскери білім департаменті бастығымен бекітіледі.
- 4.2** Кафедра Ережесін дайындауға, атап айтқанда оның мазмұнына, құрылымына, рәсімдеуге, бекітіп және енгізуге ӘК меңгерушісі (басшысы) жауапты болып табылады.
- 4.3** Жасаушы-бөлімше жобаны СМЖ тіркеуге береді, олар ереженің түпнұсқасын рәсімдейді, келісетін қолдарды жинайды.
- 4.4** Ережені бекітумен қатар СМЖ оны қолданысқа енгізу туралы бұйрық дайындайды.
- 4.5** Бекітілген кафедра туралы Ережені тиісті кафедра қызметкерлерінің назарына жеткізу жауапкершілігі ӘК меңгерушісіне (басшысына) жүктеледі. «Танысу парағында» танысқаны туралы мәлімет жазбаша түрде рәсімделуі тиіс.

5 Жалпы ережелер


- 5.1** ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 344 қаулысына сәйкес Х. Досмұхамедов атындағы АтМУ-де Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың бейбіт уақыттағы жұмылдыру резервін жасақтау және дайындау мақсатында ӘК құрылды.
- 5.2** ҚР ҚМ әскери оқу орындарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды.
- 5.3** ӘД жалпы басшылық жасауды ҚР ҚМ бірлесіп Х. Досмұхамедов атындағы АтМУ-ның ректорымен жүзеге асырады. Әскери дайындыққа тікелей басшылық жасауды Қорғаныс министрі әскери қызметшілер (запастағы, отставкадағы офицерлер) қатарынан тағайындайтын әскери кафедра басшысы жүзеге асырады. ӘК меңгерушісі (басшысы) Х. Досмұхамедов атындағы АтМУ ректоры мен ҚР ҚМ-гі Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығына тікелей бағынады.
- 5.4** Жоғары оқу орнының (бұдан әрі – ЖОО) ӘК азаматтарды әскери-есеп мамандықтары мен запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша ӘД ұйымдастырылады және жүзеге асырылады, ҚР ҚМ-гі айқындайтын іріктеу жоспарына сәйкес құрылған жоғары оқу орнында әскери-патриоттық тәрбие беретін орталық Х. Досмұхамедов атындағы АтМУ құрылымдық бөлімшесі болып табылады.
- 5.5** ӘК есепке алу және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімшесі бар. Студенттердің ӘД ұйымдастыру, өткізу және есепке алу ӘК әзірлейтін құжаттар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады (қосымша А).

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Әскери кафедра туралы Ереже	6 - бет, 19 беттен тұрады

- 5.6** Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша ӘД тегін және ақылы негізде жүзеге асырылады. Ақылы негізде оқыту құны мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыту құнынан аспайды.
- Мемлекеттік тапсырыс бойынша тегін негізде оқуға конкурс шарттарынан өткен әскери кафедралары бар ЖОО студенттері, ал ақылы негізде оқу үшін осылайша конкурс шарттарынан өткен, әскери кафедраға бөлінген орындар санына сәйкес комиссия ұсыным берген студенттер жіберіледі.
- ЖОО ӘК қызметін қамтамасыз етуге байланысты шығындарды өтеу мақсатында, ЖОО басшысының шешімі бойынша ақылы негізде оқу құны мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша ақысыз негізде оқу құнына қатысты 10% - ға артуы мүмкін.
- Запастағы офицерлерді дайындау бағдарламасы бойынша оқу үшін құжаттар бірінші (4 жылдық оқумен) және екінші (5 жылдық оқумен) курс студенттерінен қабылданады. Колледждерді аяқтағаннан кейін ЖОО-ның екінші курсына қабылданған студенттер ЖОО-да оқу жылы аяқталғаннан кейін жалпы негіздерде запастағы офицер бағдарламасы бойынша оқу үшін конкурстық іріктеуге қатысуға құқылы.
- Әскери дайындық оқу-жаттығу жиынымен (кәсіби практикамен) аяқталады.
- 5.7** Студенттердің ӘД міндетті аудиториялық сабақтарды және оқытушылардың жетекшілігімен студенттердің өзіндік дайындығын қамтиды. ӘК сабақтар "әскери күн" әдісімен өткізіледі: 6 сағат сабақ, 2 сағат өзіндік дайындық, сондай-ақ сабаққа таралым жүргізуге және таңғы қарау, қару-жарақ пен әскери техниканы күту, мамандық бойынша ақпараттандыру және мамандық бойынша жаттығу, студенттермен тәрбие және әскери-патриоттық жұмыс жүргізу үшін уақыт қарастырылған.
- Студенттердің ӘД басталуы мен аяқталуының нақты мерзімдері ЖОО оқу жоспарымен ұштасқан ӘК оқу жоспарымен анықталады.
- 5.8** ӘК оқу үшін студенттерді іріктеу жыл сайын іріктеу жылының 1 - 20 тамыз кезеңінде конкурс негізінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітетін қабылдау жоспарына сәйкес жүргізіледі. Қабылдау жоспары әскери кафедралар басшыларының мекенжайына іріктеу жылының 1 сәуіріне дейін жолданады.
- ӘК құжаттарды қабылдауды іріктеу комиссиясы жұмысының басталуына 10 жұмыс күні қалғанда аяқтайды.
- Конкурсқа қатысуға конкурс өтетін жылы 24 жастан үлкен емес жастағы студенттер жіберіледі.
- Әскери кафедрада оқуға студенттерді іріктеу үшін конкурс төрт кезеңде жүзеге асырылады:
- бірінші кезең - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 373 бұйрығымен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәргерлік сараптаманы жүргізу қағидалары және әскери-дәргерлік сараптама органдары туралы ережеге (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11846 болып тіркелген) сәйкес бекітілген медициналық куәландырудан өту;
- екінші кезең - кәсіби-психологиялық тестілеу жүргізу;
- үшінші кезең - дене шынықтыру дайындығын тексеру;
- төртінші кезең - ҚР ҚМ-мен келісу бойынша ЖОО бастығы жасайтын және бекітетін рейтингтік балдар есебіне сәйкес жүзеге асырылатын конкурстық іріктеу.
- Іріктеу комиссиясының құрамы мен жұмыс істеу мерзімдері Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары - ҚР ҚК Бас штабы бастығының бұйрығымен айқындалады.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Әскери кафедра туралы Ереже	7 - бет, 19 беттен тұрады

- 5.9** ӘД жүзеге асыру үшін ЖОО мынадай жағдайлардың бар болуын қамтамасыз етеді:
- 1) оқшауланған аудиториялық қорды бөлу;
 - 2) арнайы кітапхана қорын құру;
 - 3) жабдықталған саптық плацты жасау;
 - 4) қаруды сақтауға арналған бөлмені жабдықтау;
 - 5) әскери-есептік мамандық бойынша даярлық ерекшелігін ескере отырып, басқа да қажетті құралдармен, ғимараттармен және құрылыстармен қамтамасыз ету;
 - 6) ҚР ҚМ-мен келісімі бойынша ӘК штат кестесін бекіту;
 - 7) Бітіру аттестаттау комиссиясы ӘК басшысының ұсынысы бойынша тағайындау;
 - 8) ӘК қызметкерлерін заңнамамен қарастырылған барлық төлемдермен қамтамасыз ету;
 - 9) ғимараттар мен құрылыстарды ұстау және оларды жөндеу;
 - 10) ӘК әзірленетін оқу-әдістемелік әдебиетті басып шығару;
 - 11) ӘД үшін оқу сағаттарының қажетті санын және каникул уақытта студенттердің оқу-жаттығу жиынына (кәсіби практикасына) уақытты бөлу;
 - 12) ӘК оқу жылына арналған жұмыс жоспарын, ӘК оқу материалдық базасын дамыту мен жетілдірудің перспективалық жоспарын және тәрбиесі мен әскери-патриоттық жұмыс жоспарын бекіту;
 - 13) ӘК оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарынан және тағылымдамалардан өтуін қамтамасыз ету;
 - 14) ЖОО әскери даярлық үшін бөлінген қару-жарақты, әскери техника мен мүлікті, сондай-ақ ЖОО қаражаты есебінен ӘК құпия бөлімдері мен кітапханаларының қызметтік үй-жайларын күзетуді ұйымдастыру;
 - 15) оқу-жаттығу жиынындағы студенттердің тамақтануын ұйымдастыру;
 - 16) запастағы офицерлерді әскери даярлау бағдарламасы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде бөлінген бюджет қаражатын, сондай-ақ ЖОО ақылы негізде студенттерді ӘД оқытудан алған ақша қаражатын мақсатты және тиімді пайдалану.
- 5.10** Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша ӘД жүзеге асыру үшін ҚР ҚМ-гі қамтамасыз етеді:
- 1) ЖОО ӘК туралы ережені бекіту;
 - 2) ӘК штаттық кестесімен келісу;
 - 3) ӘД тартылатын студенттердің санын айқындау;
 - 4) іріктеу комиссиясының құрамы мен жұмыс мерзімдерін айқындау;
 - 5) оқу-жаттығу жиынын (кәсіби практиканы) өткізу тәртібін айқындау;
 - 6) бастапқы офицерлер атағын беру;
 - 7) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жалпы тізбеден талап етілмеген мынадай пайдаланылмайтын әскери мүлікпен: оқ-дәрілермен, аспаптармен, аппаратурамен, құрал-саймандармен, ӘТ қосалқы бөлшектермен, жалпы әскери жарғылармен және басқа да ведомстволық нормативтік және құқықтық актілермен, топографиялық және теңіз карталарымен, ӘД жөніндегі оқу әдебиетімен қамтамасыз ету;
 - 8) әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес тұрақты әрекеттегі медициналық комиссиямен ӘК оқуға түсетін және оқу-жаттығу жиынына (кәсіби практикаға) тартылатын студенттерді медициналық куәландырудан өткізуді ұйымдастыру;
 - 9) оқу жиынында студенттерге келесі мүкәммалдық мүліктерді: плащ-шатырларды,

	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Әскери кафедра туралы Ереже	8 - бет, 19 беттен тұрады

болат каскаларды, шағын саперлік күректерді, далалық сөмкелерді уақытша пайдалануға беру;

- 11) ӘД үйлестіреді және бақылауды жүзеге асырады;
 - 12) ӘД, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызмет және оқытушылардың біліктілігін арттыру мәселелері бойынша үйлестіруді, бақылауды жүзеге асырады;
 - 13) ӘК меңгерушісі (басшысы) лауазымға тағайындау және оны босатуды жүзеге асырады;
 - 14) ӘК-ның профессорлық-оқытушы лауазымдарына тағайындау үшін запастағы офицерлер қатарынан кандидатураларды келісу;
 - 15) ӘК оқу үдерісін ұйымдастыру жөніндегі басшылықты бекіту.
- 5.11** ӘД ұйымдастыру, ол үшін қажетті материалды-техникалық оқу базасын жасау, қару-жарақ пен ӘТ сақталуын қамтамасыз ету, құпиялық режимін сақтау Х. Досмұхамедов атындағы АтМУ-ның ректорына жүктеледі.
- 5.12** ӘД бөлінетін нақты сағат саны және оның сабақ түрлері бойынша бөлінуі әскери-есептік мамандықтарына қарай запастағы офицерлерді даярлау Үлгілік оқу бағдарламасында көрсетіледі.
- 5.13** ӘД кезеңінде студенттер сынақтар мен емтихандар тапсырады. Барлық ӘД бағдарламалары мен әскери бөлімде, жоғары оқу орнында, Қарулы Күштердің мекемелерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарында оқу жиынын өткізгеннен кейін студенттер бітіру емтиханын тапсырады.

Студенттердің оқу-жаттығу жиындарын ӘД соңғы кезеңінде ҚР ҚМ-мен бірлесе отырып ЖОО басшысы ұйымдастырады және соңғы оқу курсының алдында каникул кезінде өткізіледі.

Барлық әскери-есептік мамандықтар бойынша оқитын студенттердің оқу-жаттығу жиынының ұзақтығы запастағы офицерлерді даярлау үлгілік оқу бағдарламасында айқындалады, бірақ 34 күннен кем болмауы тиіс.

Оқу жиындарынан өту кезінде студенттер Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңында белгіленген міндеттерді орындайды және жауапты болады.

Студенттер оқу жиындарынан өту кезеңінде курсанттар деп аталады.


Жергілікті әскери басқару органдарында әскери-дәрігерлік комиссиядан денсаулық жағдайы бойынша жарамсыз деп танылған студенттер оқу-жаттығу жиынына жіберілмейді.

ӘД жүргізуден шеттету Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы Ережеге сәйкес ЖОО басшысының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Оқытындар ӘД келесі себептер бойынша шеттетіледі:

- 1) үлгермеушілігі бойынша;
- 2) ЖОО басшысы бекітетін ішкі тәртіпті бұзғаны үшін;
- 3) науқастану, отбасы және қызметтік жағдайлар бойынша қатыспауды (ЖОО басшысының бұйрығымен расталатын) қоспағанда, академиялық кезең ішінде 12 сағат оқу сабақтарына қатыспағаны үшін;
- 4) өз қалауы бойынша;
- 5) денсаулық жағдайы бойынша;
- 6) жоғары оқу орнынан шығарылуына байланысты;
- 7) оқу үшін төлемегені (ақылы негізде оқыған жағдайда) үшін жүзеге асырылады.

Осы қағидалардың 1) - 6) тармақшалары бойынша шеттетілген студенттер әскери дайындыққа қайта қабылданбайды.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Әскери кафедра туралы Ереже	9 - бет, 19 беттен тұрады

Осы қағидалардың 7) тармақшасына сәйкес шеттетілгендер шеттету туралы бұйрық шығарылған сәттен бастап бір ай ішінде ақылы негізде оқу үшін төлем жасаған кезде одан әрі әскери дайындыққа жіберіледі.

Әскери дайындықтан өтетін және ЖОО басшысының бұйрығымен академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша оқыту кезеңінде басқа ЖОО-ларға (оның ішінде шетел мемлекеттерінің) оқуға жіберілген студенттер әскери дайындықтан шеттетілмейді, ал академиялық демалыс берілген студенттер академиялық демалыста болу уақытында әскери даярлықтан шеттетіледі. Академиялық демалыстың мерзімі аяқталғаннан кейін ЖОО басшысының бұйрығымен студенттер әскери кафедрада оқу үшін қайта қабылданады.

Өтеулі оқу түрінен өтеусіз оқу түріне ауыстыру әскери дайындыққа оқытудың бірінші семестрінен кейін ЖОО басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

Ауыстыру ӘК оқудың нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Ауыстыруға ұсынылған кандидатуралар ӘК отырысында қаралады.

5.14 Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери дайындықты, ҚР ҚМ-нің келісімі бойынша жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен ӘК лауазымына тағайындалған ПОҚ құрамы, оның ішінде запастағы офицерлер жүзеге асырады.

5.15 ПОҚ барлық санаттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілетін азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі негізінде белгіленетін ақшалай үлеспен қамтамасыз етіледі.

5.16 ӘК жұмысы оқу, әдістемелік, тәрбие және басқа да жұмыс түрлерін қамтитын жылдық жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

5.17 Осы жоспарлардың орындалу барысын талқылау үшін, есептерді, оқу материалдық базасын жетілдіру, үлгерім, жеке құрамның, ӘК оқытушыларының әдістемелік шеберлігін, біліктілігін арттыру, кафедра қызметінің басқа да мәселелерді талқылау үшін академиялық кезеңде кемінде бір рет кафедра меңгерушісінің (басшысының) төрағалығымен ӘК профессор-оқытушылық құрамы қатысатын кафедра отырыстары өткізіледі.

6. Сипаттама

6.1. ӘК әскери кафедраның меңгерушісі (басшысы) басқарады.

6.2. ӘК құрамына ӘК меңгерушісі (басшысы), ӘК аға оқытушылары, ӘК оқытушылары, инженерлік және оқу-көмекші персоналдары кіреді.

6.3. ӘК басты міндеті ӘД пәндері бойынша оқу және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жоғары деңгейде ұйымдастыру және жүзеге асыру, студенттер арасында тәрбие жұмыстарын, кафедраның бейімі бойынша ғылыми зерттеулер болып табылады. Кафедраның жұмысы әскери-есептік мамандықтар бойынша дайындау бағдарлама талаптарына сәйкес ҚР ҚК үшін ЖОО студенттері арасынан запастағы офицерлерді даярлауға бағытталған.


6.4 ӘК төмендегідей негізгі функцияларды атқарады:

- Х. Досмұхамедов атындағы АтМУ-ті ҚР БМ-нің сапа саласындағы саясаты мен мақсаттарын іске асырады;

- барлық күндізгі оқыту түрлері бойынша оқу сабақтарын жүргізеді;

- студенттер арасынан запастағы офицерлерді дайындау бағдарламалары негізінде -на сәйкес құжаттамаларды әзірлейді;

- оқыту сапасын үздіксіз жетілдіруін қамтамасыз етеді: жетекші оқу нысаны ретінде дәріс деңгейін арттыру, тиімді білім бекіту формасы негізінде оқытушылардың басшылығымен тәжірибелік, семинарлық және өзіндік жұмыстарды жандандыру,

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Әскери кафедра туралы Ереже	10 - бет, 19 беттен тұрады

қажетті икемдер мен дағдыларды енгізу, студенттердің творчестволық қабілеттерін дамыту. Курстық жұмыстарды, бітіру емтихандар мен сынақтарды ұйымдастырып жүргізеді, қорытындысын талдайды;

- кафедраның оқу пәндерінің кешенді әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады: оқулықтарды дайындау, оқу құралдарын, оқу сабақтарының барлық түрлерін жүргізу жөніндегі оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу, сондай-ақ басқа да оқу құралдарын, көзделген жөнді нысанды неғұрлым қолдану және оқытудың тәсілдерін, методикалық әдістемелерді ұтымды ұштастыру, қазіргі заманғы оқу техникаларын және лабораториялық жабдықтарды тиімді қолдану;

- ПОҚ дайындауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асырады;

- ӘД өту үшін студенттерді іріктеу ұйымдастырады;

- басқа да ЖОО ӘК творчестволық байланыс орнатады; зерттейді, үздік оқытушылардың тәжірибесін жариялайды; жас оқытушыларға педагогикалық шеберлікті игеруге көмектеседі;

- басқа да оқу орындары арасындағы байланысты кеңейту жөніндегі жұмысты жүргізеді;

- қазіргі заманғы білім беру технологияларын пайдалана отырып білім алушылардың оқу материалын әзірлеу мен меңгеруді қамтамасыз етеді;

- ПОҚ мен кафедра ұжымы семинарлар мен ғылыми-техникалық қоғамдардың жұмысына қатыса отырып, кәсіпорындарда және басқа оқу орындарының ұжымдары алдында сөз сөйлеу арқылы ғылыми білімді насихаттайды;

- кафедраның бейініне қарай теориялық, қолданбалы және әлеуметтік-экономикалық проблемалар бойынша ғылыми-зерттеулер жүргізеді, жоғары мектебінің аса маңызды, әскери педагогика жоғары мектебінің проблемалары мамандар даярлау сапасын арттырумен тығыз байланысты.

- ӘК бастығы жетекшілік ететін кафедраның оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және оларға тәрбиелік қызметі үшін толық жауапты болады.

6.5 ӘК-дың оқу материалдық базасының негізгі элементтері:

- оқу-жаттығу қару-жарағы мен оқу-жаттығу ӘТ, зертханалық жабдықтар, оқу-жаттықтыру құралдары, есептеу техникалары, техникалық оқыту құралдары, аспаптар, көрнекі құралдар және басқа да әскери оқу-жаттығу мүлкі;

- аудиториялар (дәріс залдары), сыныптар, кабинеттер, зертханалар, кітапханалар, оқытушылар бөлмесі, зертханашылар бөлмесі, қаруды, әскери-техникалық мүлікті сақтау, құпиялық белгісі бар әдебиет пен жұмыс істеуге арналған бөлмелер және басқа да оқу және оқу-қосалқы үй-жайлар;


- арнайы оқу-жаттықтыру кешендері, оқу-жаттығу қалашықтары (тактикалық, оқ атуы, инженерлік, химиялық, қарауыл, радиополигондар, миниатюр-полигондар), оқ ату тирлері, саптық плацтар және жалпыәскери және арнайы даярлық бойынша бағдарламаларды пысықтауға арналған басқа да объектілер;

- оқу-жаттығу шеберханалары, автомобиль гараждары, парк элементтері, ӘТ, қаруды, аспаптарды, әскери оқу-жаттығу және басқа да мүлікті сақтауға арналған қоймалар;

- оқулықтар және оқу құралдары, оқу-әдістемелік құжаттар және басқа да материалдық және техникалық құралдар болып табылады.


6.6 Кафедрада оқу жабдықтары, оқу процесіне және ғылыми-зерттеушілік қызметін қамтамасыз ететін оқу кабинеттері мен басқа да үй-жайлар бар.

6.7 Кафедра қызметкерлері уақтылы және сапалы міндеттері мен функцияларын орындаған жағдайда ӘК меңгерушісі (басшысы) бастығының ұсынысы бойынша университеттің ректоры бұйрығымен марапатталады.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Әскери кафедра туралы Ереже	11 - бет, 19 беттен тұрады

7 Толықтырулар енгізу тәртібі


- 7.1 ҚБЕ-не енгізілетін өзгерістер оқу ісі жөніндегі проректорының рұқсатымен жүзеге асырылады және оның кол қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырылулардың енгізілуі Ережелерді жасау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі.
- 7.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырылулар енгізуге құрылым бөлімшесінің бастығы жауапкершілікте болады.
- 7.3 Ережені құрылым бөлімшесінің бастығы үш жылда 1 рет қайта қарап отырады.
- 7.4 Құрылым бөлімшесінің ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз болады:
- заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;
 - ректордың бұйрықтары;
 - құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;
 - құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;
 - оқу ісі жөніндегі проректордың рұқсат етілген құрылым бөлімшесінің бастығының өзгертулер себептері көрсетілген қызметтік хаты.
- 7.5 Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.
- 7.6 Ереже ауыстырылған жағдайда күші жойылған Ережелердің университеттегі барлық даналары алынып, жаңасымен ауыстырылады.
- 7.7 Ескірген, күшін жойған Ережелерді жинап алуға және жаңасымен ауыстыруға құрылым бөлімшесінің басшысы мен СМЖ қызметі жауапты.
- ## 8 Келісу, тарату және сақтау
- 8.1 Қазақстан Республикасы нормативті-құқықтық актілері талаптарына сәйкес жасалуын СМЖ қызметі жүзеге асырады.
- 8.2 Ережені құрылым бөлімшесінің басшысы дайындап, жасайды.
- 8.3 Ереже келісімі бойынша жасалады:
- Х. Досмұхамедов атындағы АтМУ ректорымен;
 - оқу ісі жөніндегі проректорымен;
 - СМЖ қызметімен;
 - заң кеңесшісімен.
- 8.4 Ереже ҚР ҚМ-гі кадрлар және әскери білім департамент бастығымен бекітіледі және оның күші жойылғанға дейін қолданыста болады.
- 8.5 Ереженің түпнұсқасы СМЖ қызметінде сақталады.
- 8.6 Ереженің тіркеуге алынған жұмыс даналарын тиісті бөлімдерге жеткізуді СМЖ қызметі жүзеге асырады.
- 8.7 Құрылымдық бөлімдегі Ережелердің тіркеуге алынған жұмыс даналарын сақтауға құрылым бөлімшесінің басшысы жауапты.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Әскери кафедра туралы Ереже	12 - бет, 19 беттен тұрады





Қосымша А
(міндетті)

ӘК студенттердің әскери даярлығын ұйымдастыру, өткізу және есепке алуға негізгі құжаттардың тізбесі:

- 1) әрбір әскери-есептік мамандықтар бойынша біліктілік сипаттамалары;
- 2) жұмыс оқу жоспарлары;
- 3) ӘК оқытушыларының оқу жылына арналған оқу жүктемесі көлемінің есебі;
- 4) жұмыстық оқу бағдарламалары;
- 5) пәндердің оқу-әдістемелік кешені;
- 6) сабақ кестесі;
- 7) емтихан кестесі;
- 8) ӘК жеке құрамының кәсіби даярлық сабақ кестесі;
- 9) ӘК оқу жылына жұмыс жоспары;
- 10) ӘК мен циклдардың айлық жұмыс жоспары;
- 11) студенттердің оқу жылына арналған ӘД бағдарламаларының жоспар-кестесі;
- 12) оқу процесінің сапасын бақылау жоспары;
- 13) ӘК оқу жылына арналған оқу-әдістемелік комиссия отырыстарының жоспары мен хаттамалары;
- 14) жеке құрамның кәсіптік даярлығының жоспары;
- 15) оқу материалдық базасын дамыту мен жетілдірудің перспективтік (үш жылдық, бюджеттік жоспармен қатар) және жылдық (күнтізбелік жылға арналған) жоспарлары;
- 16) ӘК оқытушыларының біліктілігін арттыру перспективтік (үш жылдық) және жылдық (оқу жылына арналған) жоспарлары мен есебі;
- 17) өзара сабаққа қатысу журналы;
- 18) сабақтарды есепке алу, тәрбие және әскери-патриоттық жұмыс журналы;
- 19) оқу сабақтарының сапасын бақылау журналы;
- 20) оқытушылардың оқу жылына арналған жеке жұмыс жоспарлары;
- 21) студенттердің оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесінің ережесі;
- 22) емтихан ведомосі;
- 23) ӘК жұмысының оқу жылындағы есебі;
- 24) бітіру аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасы;
- 25) тарихи анықтама.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Әскери кафедра туралы Ереже	17 - бет, 19 беттен тұрады

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Т.А.Ә.	Келісу күні	Жеке қолы
1	2	3	4
Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры	Сулейменова Ж.У.	___ ___ 2019ж.	 (КОЛЫ)
Әскери кафедраның меңгерушісі	Абсаматов С.А.	___ ___ 2019ж.	 (КОЛЫ)
Сапа менеджмент жүйесі қызметінің бастығы	Балтурганова С.К.	___ ___ 2019ж.	 (КОЛЫ)
Заң қызметінің жетекшісі	Куанов К.С.	___ ___ 2019ж.	 (КОЛЫ)

